

Зайсан қала округінің "Қашар" учаскесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қаласы әкімінің 2017 жылғы 18 мамырдағы № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 маусымда № 5097 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қаласы әкімінің 2017 жылғы 10 карашадағы № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қаласы әкімінің 10.11.2017 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 3-тармағына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылдың 11 сәуірдегі ұсынысы негізінде Зайсан қаласының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Зайсан қала округінің "Қашар" учаскесіндегі ірі қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Зайсан қала әкімі

Д. Тожыбаев